

# Статистика

Орындаған: Сырым А. Ғ. Ф13К1

Қабылдаған: Купенова Ж. Қ.

# Статистиканың пайда болуы

- Статистика (лат. *status*– жай-күй) –
- білім саласы, бұқаралық әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістердің сандық және сапалық көрсеткіштерін зерделейтін ғылым;
- қоғам өмірінің (экономиканың, саясаттың, т.б.) сандық заңдылықтарын олардың сапалық мазмұнымен ажырағысыз байланыста сипаттайтын статистик. ақпаратты жинап, өңдеуді, талдау мен жариялауды қамтитын практик. қызмет саласы;
- жарияланатын сандық деректердің, бақыланбалы нысанның сан немесе сапа тұлғасындағы күйін тиянақтайтын бақылау нәтижелерінің жиынтығы.
- қоғам өмірінің сандық жақтарында болатын құбылыстарды меңгеретін және көп жылдық тарихы бар ерекше ғылым немесе білім саласы. Оның шығу төркіні әр түрлі қоғамдық тұтынушыларға, мал санына, жер-су көлеміне, дүние-мүлік және басқалар есебіне байланысты.
- әр-алуан белгілі бір статистикалық деректер жиыны ретінде де түсінуге болады (өлім статистикасы, торбетке кіру статистикасы т.б.).
- Статистика сөзі ғылыми әдебиетте 18 ғасырда қолданысқа енді және алғашқыда “мемлекеттану” деген мағынада ұғынылды. Бірақ статистика ғылымы 17 ғасырдың ортасында “саяси арифметика” нысанында дами бастады. Ғылымдағы бұл бағыттың бастауында ағылшын ғалымы – Уильям Петти (1623 – 1687) тұрды. Статистика терминін ғылымға 1746 жылы неміс ғалымы Готфрид Ахенваль өзі сабақ беретін Германия университетінде “Мемлекет ісін жүргізу” курсының орнына “Статистиканы” қолдануды ұсынды. Осыған қарамастан статистиалық санаулар бұданда ерте жүргізілген болатын: Көне Қытайдахалық санағы, Көне Римде елдердің әскери күшін салыстыру, азаматтардың мүліктерін бағалау. Статистика 19 ғасырдың басында А.Кетленің және оның мектебі өкілдерінің еңбектерінде қоғамдық құбылыстардың заңдылықтарын зерделейтін ғылым мен құралға айналды.

# Статистиканың дамуы

- Статистика пайда болған кезінен бастап-ақ мемлекетті басқарудың маңызды құралы ретінде қалыптасып онымен бір мезгілде көптеген оқиғалар мен фактілерді мөлшерлік тұрғыдан тіркеу және белгілі бір деңгейде ретке келтіру нәтижесінде ғылыми тұрғыдан өте қызықты материалдар да жинақталды. Осылайша қоғамның өмірі мен тұрмысы жөніндегі мәліметтерге практикалық мұқтаждық статистиканы туғызды.
- Шығыстың Аристотелі атанған машһүр ғалым Әл-Фараби және Абылайхан бабаларымыздың уақытында да немесе одан ерте замандарда да қарулы күштер қатарына лайықты адамдардың санын білу, салық салынатын нысандарды белгілеу қажеттігі туындады, соның нәтижесінде халықтың саны, жынысы, құрылымы жөніндегі мәліметтерге мұқтаждық пайда болды. Бұл сұраным мемлекетті өз халқының саны мен құрамдық өзгерістерін тұрақты бақылап отыруға мәжбүр еткен. Азаматтық қарым-қатынастар дамыған сайын оларға тікелей байланысты оқиға-құбылыстарды тіркеп отыру қажеттілігі де күшейе түскен. Сондықтан да туылу, өлу, некелесу, ажырасу сияқты хал актілерін жазып отыру тәртібі орнатылған, адамдардың бір орыннан екінші орынға ауысуына байланысты қозғалысын тіркеу тәртібі белгіленген. Статистика бір қарағанда қарапайым сөз болып көрінсе де, оның мазмұнының сан қырлы екенін ұмытпауымыз керек.
- Неміс жазушысы, ақыны және ойшылы И.В. Гете бұл дүниеден мәңгі көз жұмарынан екі жыл бұрын өз хатшысы Эккерманмен әңгімелескен кезде: “Цифрлар дүниені билейді деген сөз бар. Бірақ, меніңше цифрлар бізге әлемнің қалай басқарылатынын үйретеді”, — деген болатын .
- Ресейде тұңғыш рет басылған статистика оқу-лығының авторы К.Ф. Герман (1762-1838) өз кітабында былай деген: “Статистика — жақсылықты да, жамандықты да жария ететін хабаршы әрі үкіметтің бақылаушысы” . Расында да көпірме сөздерге немесе жарнамаларға сүйену нәтижесінде емес, сенімді де айқын статистикалық көрсеткіштерге сүйене отырып ел басшыларының қызметін әділ бағалауға болады.

# Статистика ЭТИМОЛОГИЯСЫ

- Этимологиясы, яғни келіп шығуы тұрғысынан бұл терминнің әлдеғандай классикалық грекше немесе латынша негізі жоқ. Ол латынның “status” — қалып, жағдай, итальяндардың “state” — мемлекет деген сөздерінің бір мағынаға тоғысуынан туындайды. Статистика сөзі күнделікті өмір мен ғылымға XVII-XVIII ғасырларда кіріп келді. Ағылшын ғалымдары Д.Граунт (1620-1674) пен В.Петтидің (1623-1687) «Саяси арифметика» атты еңбегі статистика ғылымының дамуына себеп болды. Бастапқы кезде сауда мен қаржы капиталының және ақша
- қатынастарының дамуы нәтижесінде пайда болған қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында жинақталған мемлекет халқы, экономикалық және саяси жағдай жөніндегі мәліметтер статистикалық ақпараттар деген атпен жүргізілді.
- Мемлекеттің назар аударуға тұрарлық жақтарын бейнелейтін мемлекеттану ғылымы пайда болды да, ол статистика деген атпен, ал бұл ғылымды жақсы меңгерген білімпаз статистик деп атала бастады. Бұл ғылымның аса көрнекті өкілі, неміс Г. Ахенваль (1719-1772) алғаш рет бұл сөзді зат есім ретінде қолданып, ғылыми айналымға енгізді. Оның пікірі бойынша, статистика — мемлекет үшін айрықша маңызды мәселелердің сипаты, бейнесі. XIX ғасырдың ортасында Бельгия ғалымы А. Кетле (1796-1874) және оның адамдары әлемде бірінші болып мемлекеттік статистика мекемесін құрады. Мәліметтерде бейнеленген тәртіп-ережелерді ұғыну құштарлығы, түсіндіру жолдарын табу қажеттілігін қанағаттандыруға қызмет етуге кіріскен сәттен бастап-ақ статистика ғылым саласына айналды.

# Статистикалық әдістер

- Статистикалық әдістер өздерінің қолданылуы мен жалғасуына байланысты үш сатыдан тұрады:
- 1. Статистикалық бақылау, яғни алғашқы мәліметтерді жинау сатысы. Мұнда құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер алдын-ала жасалған бағдарлама бойынша жиналады. Бақылаудың негізгі мақсаты-қоғамдық құбылыстардың өзгеруіне әсер ететін фактілерді өздеріне тән белгілеріне қарай анықтау және мәліметтердің толық, нақты, дәл, анық болуын қадағалау.
- 2. Жиналған мәліметтерді өздеріне тән белгілеріне қарай топтау, өңдеу және жинақтау. Бұл әдісті қолдану кезінде бақылау нәтижесінде жинақталған мәліметтер өздеріне тән жеке белгілері бойынша топтарға бөлінеді. Бұл кезеңде қоғамдық құбылыстар мен процестердің топтық көрсеткіштері іріленеді, жекелеген топтардың сапалық айырмашылықтары анықталады, сондай-ақ талдау, қорытынды жасау үшін сандық көрсеткіштер есептеледі.
- 3. Жинақталған, өңделген мәліметтерге талдау және қорытынды жасау. Бұл сатыда жинақталған, топталған, өңделген көрсеткіштер біртектес топтық белгілері бойынша жеке қарастырылады. Сонымен қатар олардың өзара байланысын анықтайды. Статистикалық мәліметтерге талдау жасау-жинақталған, топтастырылған, өңделген көрсеткіштерді салыстыру, қорытындылау және солар арқылы тұжырымдар мен ұсыныстар жасау.

# Қазақстан статистикасының қалыптасуы мен дамуы тарихынан

- Қазақстан статистикасының тамыры өткен ұзақ уақыттарға кетеді. Бірінші Қазақ мемлекеті - Қазақ Хандығы туралы оны растайтын статистикалық тарихи мәліметтер бар: оның алғашқы пайда болу кезінде (1459 жыл) Шу және Талас өзендерінің бойында (бүгінгі Жамбыл облысы аумағында) халықтың саны 200 мың адам, ал XV ғасырдың соңында олар 1 млн. болды.
- Бірақ, бүгінгі Қазақстан аумағында азды-көпті болса да жүйелі және орталықтандырылған статистикалық қызметтің өмірге келуі XVIII-ғасырдың екінші жартысына, былайша айтқанда Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңіне жатады. Оның аумағындағы бірінші жалпы халық санағы, Орыс патшалығының барлық жеріндегідей, 1897 жылдың 9-ақпанындағы (28-қаңтардағы) жағдай бойынша өткізілді.
- Қазақстан аумағында құрылған бірінші мемлекеттік ресми статистикалық орган болып, Түркістан губерналық статистикалық комитет (құрылған күні - 1868 жылдың 22-қаңтары) пен оған бағынышты Сырдария және Жетісу облыстарындағы статбюролар саналады. XIX ғасырдың 70-жылдарының ортасында Орал облыстық статкомитет, 1877 жылы Семей және Ақмола (Омск қаласында) және 1895 жылы Торғай облыстарының статкомитеттері ұйымдастырылды. Бірақ, 1920 жылға дейін Қазақстанда аталған және басқа да жергілікті статистикалық қызметті біріктіретін бірыңғай статистикалық орган болған жоқ.
- Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы құрамында Қазақ Автономиялы Социалистік Республикасы құрылуына (1920 ж. 26- тамыз) байланысты Қазақ АКСР-ның Үкіметі өзінің 1920 жылғы 8-қарашадағы қаулысымен "Қазақ АКСР-ы мемлекеттік статистикасы туралы Ережені" бекітті және Қазақ АКСР-ның статистика басқармасы құрылды. Сонымен, Қазақстанның орталықтандырылған бірыңғай статистика органының құрылған күні 1920 жылдың 8-қарашасы болып қабылданды.
- 1925 жылы қаңтарда Орынбор қаласында (сол кездегі Қазақ АКСР-ның астанасы) бірінші, ал 1927 жылы сәуірде Қызылорда қаласында (Қазақ АКСР-ның екінші астанасы) екінші Республикалық статистика конференциялары болып өтті, олардың шешімдері мен ұсынымдары статоргандардың ұйымдастырылып нығаюына және методологиялық жабдықталуында үлкен роль атқарды.
- 1930-1948 жылдарда Республикадағы статистика қызметінің жалпы жұмысына және оның жоспарлы жүруіне басшылықты Қазақ АКСР-ның (1936 жылдан бастап Қазақ КСР) Мемлекеттік жоспарлау органы жүргізді. 1948 жылдан бастап статистика жүйесін дербес мемлекеттік орган Республика Министрлер Кеңесі жанындағы статистикалық басқарма басқарды, ал 1960 жылдан бастап Орталық Статистика басқармасы (ОСБ), 1987 жылдан бастап Статистика жөніндегі Мемлекеттік комитет (Мемстатком) басқарды.
- Стат органдардағы барлық жедел және статистикалық есеп берулердің 1957-1958 жылдардан бастап орталықтандырылуына байланысты, олар кейінгі жылдардың барлығында да (КСРО-ның 1991 жылы ыдырауына дейін) шын мәнінде басшылық, жоспарлау және басқа да барлық деңгейдегі басқару органдарын, еліміздегі экономиканың және мәдениеттің жағдайы туралы және халық шаруашылығы жоспарының және көптеген шаруашылық жұмыстарының барысы мен орындалу қорытындылары туралы, жедел және жалпы жинақталған ақпаратпен жабдықтайтын жалғыз-ақ жүйе болды.
- Қазақстанның статоргандары, бұрынғы КСРО-ның барлық статистикалық жүйесі сияқты Бүкілодақтық барлық сегіз халық санағын ұйымдастырып, өткізіп, жиынтығын қорытындылады; үнемі статистикалық жылнамалықты және көптеген кезеңдік, салалық және тематикалық жинақтар мен анықтамалықтарды бастырып шығарды.
- Қазақ КСР-ның Мемлекеттік статистикасы, 1990 жылы Қазақ КСР-ның статистикасы мен есеп жүргізуі бойынша бірінші заңның жобасын жасауға кірісті. 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының бірінші Заңын қабылдады

# Қазақстан статистикасының негізгі тарихи кезеңдері

1897ж.	Бірінші жалпы халық санағы
1920 ж. 8 қарашада	Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесі «Қырғыз (Қазақ) АКСР-ындағы Мемлекеттік статистика туралы Ережені» бекітті. Қазақ АКСР-ның Статистика басқармасы құрылды.
1948 ж.	Қазақ КСР-ның Министрлер Кеңесі жанынан Статистика басқармасы құрылды.
1960 ж.	Қазақ КСР-ы Министрлер Кеңесі жанындағы Статистика басқармасы, Қазақ КСР-ы Министрлер Кеңесі жанындағы Орталық Статистика Басқармасы (Қазақ КСР-ның ОСБ) болып қайта құрылды.
1987 ж. 19 тамызда	Қазақ КСР-ның ОСБ-ы, Қазақ КСР-ның Статистика жөніндегі Мемлекеттік Комитеті (Қазақ КСР-ның Мемстаткомы) болып қайта құрылды.
1991 ж. 1 наурызда	Қазақ КСР-ның Мемстаткомы, Қазақстан Республикасының статистика және талдау жөніндегі Мемлекеттік Комитеті болып қайта құрылды.
1991 ж.	Экономиканың барлық секторында бағаның деңгейі мен серпінін (тарифін) реттеп бақылауды іске асыратын, бағаны тіркеудің арнаулы мемлекеттік қызметі құрылды.
1992 ж. қаңтарда	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің VII- сессиясында “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.
1992 ж. желтоқсанда	Ұлттық шоттар жүйесін (ҰШЖ) ендіруге негізі болып қызмет атқарған 1992 - 1995 жылдардағы алғашқы және бухгалтерлік есеп, статистиканы қайта құру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама болып қабылданды.
1993 ж.	Қазақстан Республикасының бірінші Төлем балансы жасалды.
1996 ж. қазанда	1996 - 1998 жылдары Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистиканы жетілдірудің Бағдарламасы қабылданды.
1997 ж. 7 мамырда	“Мемлекеттік статистика туралы” Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.
1998 ж. қарашада	1999 - 2005 жылдары Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистиканы жетілдірудің Бағдарламасы қабылданды.
1999 ж. 22 қаңтарда	“Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Ұлттық статистикалық агенттік Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі болып қайта құрылды.
1999 ж. 25- ақпан - 4 наурыз аралығында	Қазақстан Республикасының Бірінші Ұлттық халық санағы жүргізілді.
2009ж.	Жалпы халық санағы
2010 ж. 19 наурызда	“Мемлекеттік статистика туралы” Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

# Мемлекеттік статистика жайлы ҚР заңы

- Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы
- 
- "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 06 сәуірдегі № 122-123 (25969);  
"Казахстанская правда" от 06.04.2010 г., № 81 (26142); Қазақстан  
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат (2558)
- 
- Қолданушылар назарына!  
Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.
- **МАЗМҰНЫ**
- *РҚАО-ның ескертпесі!*  
*ҚР Заңының қолданысқа енгізілу тәртібін 28-баптан қараңыз.*
- Осы Заң мемлекеттік статистикалық қызмет процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және қоғамның, мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған.



Назарларыңызға  
рахмет!!!